

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 343 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 сәуірде № 20278 болып тіркелді.

"Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 101) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 09.06.2025 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бірінші Орынбасары- Қаржы министрі*

А. Смаилов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 15-бабы 1-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 101) тармақшасына сәйкес әзірленді және:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру;

оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 09.06.2025 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар шеңберінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурс ретінде Интернет желісінде "www.kgd.gov.kz" мекенжайы бойынша орналасқан электрондық ақпараттық ресурс (бұдан әрі – интернет-ресурс) түсініледі.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасымен сәйкес қолданылады.

2-тарау. Әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру тәртібі

4. Осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін (бұдан әрі – Әкімшілер тізімі) интернет-ресурста орналастыруды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетін (бұдан әрі – Комитет) жүзеге асырады.

Әкімшілер тізімі әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдар хабарламалары тізілімінің деректері негізінде құрылады.

5. Әкімшілер тізімі әкімші қызметін бастағаны және (немесе) тоқтатқаны туралы хабарламаны Комитетке ұсынған және (немесе) әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламалары тізілімінен хабарламасы алып тасталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жаңартылады.

Әкімшілер қызметінің нәтижелері туралы мәліметтер Әкімшілер тізіміне тоқсан сайын өткен тоқсаннан кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірілмей енгізіледі.

3-тарау. Оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау тәртібі

6. Комитеттің аумақтық органы кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде:

оңалтуды басқарушыны – ұсынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде;

банкроттықты басқарушыны – ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тағайындайды.

7. Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы Комитеттің аумақтық органының бұйрығымен тағайындалады.

Тағайындау туралы бұйрық екі данада жасалады және Комитеттің аумақтық органының басшысы, не болмаса оның міндетін атқаратын тұлға қол қояды, сондай-ақ мөрмен расталады.

8. Бұйрықтың бір данасы оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыға бұйрықтың екінші данасына алғаны жөнінде қол қойдырып қолма-қол беріледі, бұйрықтың екінші данасы Комитеттің аумақтық органында сақталады.

Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы бұйрық қабылданған күні Комитеттің аумақтық органы оны интернет-ресурсқа орналастырады.

9. Заңның 12-бабы 5-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы етіп тағайындауға кедергі келтіретін мән-жайларды анықтаған кезде Комитеттің аумақтық органы анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кредиторлардың алғашқы жиналысына және кредиторлар жиналысына оңалтуды немесе банкроттықты басқарушының кандидатурасын тағайындаудан уәжді бас тартуды не Заңның 12-бабы 8-тармағының 3) тармақшасы негізінде әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар тұлғалар хабарламаларының тізілімінен оңалтуды немесе банкроттықты басқарушының хабарламасын алып тасталғандығы туралы хабарламаны жіберуге міндетті.

10. Комитеттің аумақтық органы ұсынылған кандидатураны тағайындаудан бас тартқан кезде кредиторлар жиналысы уәжді бас тартуды алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей Заңның 69-бабы 2-тармағының жетінші бөлігіне және 93-бабы 4-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы етіп тағайындау үшін басқа кандидатураны ұсынуға міндетті.

11. Тағайындау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы өздерінің өкілеттіктерін орындауын бастады деп саналады.

4-тарау. Оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды шеттету тәртібі

12. Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы Заңның 12-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Комитеттің аумақтық органының бұйрығымен жүктелген өкілеттіліктерін орындаудан:

1) әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімінен алып тасталғаны туралы хабарламаны алған;

2) әкімшіден арыз түскен;

3) кредиторлар жиналысының хаттамасы түскен;

4) тексеру актісі шығарылған;

5) Заңның 18-бабының 7-тармағында көзделген хабарламаны жіберген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шеттетіледі.

13. Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны шеттету туралы бұйрық қабылданған күні Комитеттің аумақтық органы оны интернет-ресурсқа орналастырады.

14. Осы Қағидалардың 12-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда жүктелген өкілеттіктерін орындаудан шеттетілу туралы бұйрық қабылданғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органы ол туралы кредиторлар жиналысын хабардар етеді.

Кредиторлар жиналысын тиісті түрде хабардар ету деп кредиторлар жиналысының төрағасына жазбаша хабарлама жіберу саналады.

15. Кредиторлар жиналысы хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей Комитеттің аумақтық органына оңалтуды немесе банкроттықты басқарушының кандидатурасын білдіреді.

16. Оңалту рәсімін қолдану немесе банкрот деп тану туралы сот шешімінің күші жойылған жағдайда оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы Комитеттің аумақтық органы бұйрығының күші жойылуға жатады.

Оңалту рәсімін қолдану немесе банкрот деп тану туралы сот шешімінің күші жойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органы оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны тағайындаудың күші жойылуы туралы бұйрық шығарады және оны қабылданған күні интернет-ресурсқа орналастырады.

17. Оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттаманы, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (болған кезде), мөртабандарды, борышкерге тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды:

борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің күші жойылған және кредиторлар жиналысы мүлікті басқару жөніндегі өкілеттіктерді оңалтуды басқарушыға жүктеу туралы шешімін өзгерткен жағдайда – борышкерге шеттету туралы бұйрық шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы шеттетілген жағдайда – жаңа тағайындалған оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыға тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде береді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларына қосымша нысан

Әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдар тізімі

№	Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Әкімшінің байланыс деректері			Хабарламалар тізіліміне әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдарды енгізу күні	Әкімші ретінде жұмыс өтілі (жылдарда)	Ағымдағы жылы оңалту рәсімі жүзеге асырылып жатқан борышкерлер саны
		тұрғылықты жерінің мекен-жайы	электрондық поштаның мекен-жайы	телефон нөмірі			

кестенің жалғасы

Ағымдағы жылы оңалту рәсімі тоқтатылған борышкерлер саны		
оның ішінде мынадай негіздер бойынша:		
Барлығы	оңалту рәсімінің мақсатына қол жеткізілді ("Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы	оңалту рәсімі қолданылғаннан кейін туындаған ақшалай міндеттемелер кредиторлық берешектің жалпы сомасының жиырма пайызынан асып түсті ("Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы және 3-тармағының 3) тармақшасы)

Кестенің жалғасы

Ағымдағы жылы оңалту рәсімі тоқтатылған борышкерлер саны			Ағымдағы жылы банкроттық рәсімі жүзеге
оның ішінде мынадай негіздер бойынша:			
оңалту жоспарын іске асыру нәтижесінде борышкер-заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысына (қатысушысына),	оңалтуды басқарушының әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) борышкер-заңды тұлға мүлкінің меншік иесі (ол уәкілеттік берген орган), құрылтайшысы (қатысушысы), кредитор	кредиторлар жиналысын өткізу туралы кредитор тиісінше хабардар етілмеген	

кредиторға нұқсан келтірілді ("Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы және 4-тармағының 1) тармақшасы)	мүдделеріне нұқсан келтірілді ("Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы және 4-тармағының 2) тармақшасы)	("Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 82-бабы 4-тармағының 3) тармақшасы)	асырылып жатқан борышкерлер саны
--	---	---	----------------------------------

кестенің жалғасы

Ағымдағы жылы банкроттық рәсімі аяқталған борышкерлер туралы мәлімет					
Барлығы	оның ішінде мүліктік массасымен	оның ішінде			
		мәлімделген талаптар сомасы (мың теңгеде)	банкроттық рәсімі барысында өндірілген сома (мың теңгеде)	әкімшілік шығыстарды өтеуге бағытталған сома (мың теңгеде)	кредиторлар талаптарының қанағаттандырылған сомасы (мың теңгеде)

кестенің жалғасы

Ағымдағы жылы Комитет және оның аумақтық органы анықтаған бұзушылықтардың саны, олар мыналардың нәтижелері бойынша анықталды			Ағымдағы жылы салынған әкімшілік жазалар саны	Әкімшінің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер	
бақылау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау	бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау	жоспардан тыс тексерулер		Біліктілігін арттыру туралы сертификат	Қосымша оқытудан, даярлаудан, қайта даярлаудан өткендігін растайтын өзге құжат (диплом, куәлік және басқалары)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 1 сәуірдегі
№ 343 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларын, сондай-ақ уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 189 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9478 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 2 шілдеде жарияланған) бұйрығы.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 139 бұйрығымен бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрықтары тізбесінің 10-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13622 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2016 жылғы 7 маусымда жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 705 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14768 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 17 ақпанда жарияланған).

4. "Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларын, сондай-ақ уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 1067 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17935 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 21 желтоқсанда жарияланған).